



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Опыт современных государств с различной степенью регулирования экономики показывает, что их политические круги далеки от полного согласия с Адамом Смитом относительно роли государства как «ночного сторожа». [5] Это проявляется и в земельных отношениях. В современных условиях рыночной экономики требуется оптимальное сочетание жесткого государственного контроля за использованием и охраной земель, а также координация действий государственных органов и субъектов земельных правоотношений независимо от их формы собственности. Государственная политика любой страны в отношении земельных вопросов должна быть взвешенной и продуманной. Не случайно в Стратегии развития Казахстана до 2050 года, инициированной и утвержденной Президентом Нурсултаном Назарбаевым, этот вопрос – один из семи долгосрочных приоритетов. [6, с. 112]

Заключение

Подводя итог сказанному, следует отметить, что в нынешнем земельном законодательстве наметилась тенденция к отражению специфики управления земельными отношениями. Земля – это не только объект недвижимости, но и важнейший природный ресурс, который необходимо использовать с величайшей осторожностью, что обуславливает как возможные ограничения земельного оборота и подчинения его определенным правилам, так и установление жестких норм, регулирующих использование этого вида недвижимости.

Принятие Земельного кодекса Республики Казахстан привело к ещё большему увеличению земельных споров, на данном этапе их пересмотр является бесспорным гарантом реализации земельной реформы. На наш взгляд, пришло время для предложения о создании земельных судов.

Список литературы

1. «Казахскому гуманитарно-юридическому университету 10 лет» :Фотоальбом / Под ред. М. С. Нарикбаева. -Алматы : Полиграфкомбинат, 2004. -140 с.
2. Еренов А. Е. Очерки по истории феодальных земельных отношений у казахов. – Издательство Академии Наук Казахской ССР Алма- Ата. 1960. с. 158
3. Еренов А. Е., Мухитдинов Н. Б., Ильяшенко Л. В. Предмет и система советского земельного права. – Алма- Ата: «Наука» КазССР. 1981, с. 208.
4. Еренов А.Е., Зиманов С.З. Возникновение и развитие социалистических земельных правоотношений в Казахской ССР. – Алма- Ата. 1963. с. 363
5. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А.Назарбаева Народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства» (Астана, 14 декабря 2012 года)

УДК 349.23/24

ИСЛАМДАҒЫ АДАМНЫҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Хайрмуханмедов Нурбек Исабайұлы

nurbek.isabay@yandex.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті аға оқытушысы, PhD

Ислам құқығы тұрғысынан құқық ұғымы сырттай қарағанда тек жеке және заңды тұлғаларға тиесілі болып көрінгенімен, шын мәнінде барша хақтың иесі Алла тағала. Алайда, Алла осы құқықтарға өкілдік етуді адамдарға аманат ретінде берген. Бұл құқықтар кейбіреулерде белгілі бір мүдде, құзыреттілік, енді бірінде аталған мүдделерден пайдалану немесе құзыретті қолдану құқығы ретінде жүзеге асады. Алла белгілеген құқықтар адамның құдай тағалаға құлшылық міндеті мен қоғамдық құқықтарды түгел қамтиды. Мүліктік құқықтар, еңбек құқықтары, ой мен іс-әрекет еркіндігін қамтитын хақтар жеке тұлғаның

азаматтық құқықтары деп аталады. Ал мүдде, пайда, мәміле тұрғысынан жеке адамға да, қоғамға да қатысты құқықтар «ортақ құқықтар» деп аталады [1].

Ислам діні бойынша адамдар жарық дүниеге еркін болып келеді. Барлық адамдар құқықтық тұрғыдан бір-бірімен тең саналады. Ой еркіндігі, сөз бостандығы, ар-ождан еркіндігі адам баласының өзгермейтін табиғи құқықтарына жатады. Нәсіліне, жынысына, ұлтына, тілі мен діни айырмашылығына қарамастан, барлық адам теңдей құқыққа және мүмкіндікке ие. Мұндай құқықтар адам табиғатының рух пен тән секілді қос қырын қамтитын басқа да үлкенді-кішілі құқықтарды, сонымен қатар белгілі кезеңнен кейін пайда болатын түрлі құқықтарды қамтиды.

Ислами түсінік бойынша, бүкіл құқықтар Алланың ерік күшінен бастау алады және Алла тарапынан адам баласына аманат етілген тарту болып табылады. Бұл құқықтар адамдар тарапынан күшпен алынбайды, сатылмайды, азайтылмайды, көбейтілмейді, өзгертілмейді, дүние-мүлікке айырбасталмайды. Ешбір билік иесі құқықтарды өздігінше бекіте де, белгілей де алмайды. Құқықты ешбір билік сатылатын тауар сынды бағалай алмайды [2].

Мұхаммед пайғамбар Мәдина қаласына көшіп келгеннен кейін қаладағы түрлі сенім мен ой-пікірді ұстанатын ағымдармен, түрлі этникалық топтармен «Мәдина уәсиқасы» атты келісім-шарт жасайды. Мәдина уәсиқасында діни, нәсілдік, әлеуметтік дәрежесіне қарамастан, барлық адамның теңдей құқықтарға ие екені жарияланып, адам құқықтарына кепілдік берілді [3].

Исламда жұмысшылар құқығы ерекше механизммен қорғауға алынған. Ислами құқықтық терминологияда жұмысшы – басқа бір кісіге тиесілі қандай да бір жұмысты немесе қызметті жалақымен атқаруға міндеттеме алған кісі деген мағынаны білдіреді. Басқалай айтқанда, заңмен рұқсат етілген белгілі бір жұмысты жұмыс берушімен арадағы келісім бойынша, өз еңбегін ақылы негізде жалға бере отырып атқаратын кісіні жұмысшы деп атайды [4].

Құранда: «Енді таразыны дәл тартыңдар, адамдардың құқықтары мен жалақыларын кемітпеңдер, халыққа әділетсіздік жасамандар» [5] деген секілді аяттарда да жалақы мәселесіне қатысты үкімдер айтылған. Басқа бір аятта Алла баршаны дүние және ақырет игілігі үшін еңбектеніп, қажыр-қайрат көрсетуге үндейді. «Адам өз еңбегі мен қажыр-қайратының нәтижесінен басқа ешбір нәрсеге қол жеткізе алмайды» [6] деп, адам тек еткен еңбегінің ғана нәтижесін көретіні айтылады.

Ислам құқығында жұмысшылар екі категорияға бөлініп құқықтық қарым-қатынастардың субъектісі ретінде орын алған. 1. Жеке жұмысшы (әжри-хас) – келісім-шарт негізінде белгіленген мерзімде және бекітілген бір жалақыға тек қана бір жұмыс берушіге жалданып жұмыс істейтін кісіге айтылады. Жұмысшы сол уақыт аралығында тек өзінің жұмыс берушісіне ғана бағынышты болып, басқа жұмыс беруші үшін жұмыс істей алмайды. Жеке жұмысшы іс берілген жағдайда міндетін дереу атқару үшін жұмыс орнында әрқашан дайын тұруға тиісті. Ол жұмыс орнында ешбір жұмыс істемесе де жалақысын алады. Айлық жалақыға жалданған қызметкер, маусымдық ауыл шаруашылығы жұмысшылары, құрылыс шеберлері және мемлекеттік қызметкерлер осы категорияға кіргізілген. 2. Ортақ жұмысшы (әжри-муштәрәк) – дәрігерлік, бухгалтерлік, тігіншілік немесе ағаш ұстасы сынды ешкімге бағынышты емес еркін кәсіптік жұмыспен айналысатын адамдарға айтылады. Бұлар тек бір ғана жұмыс берушіге емес, бірнеше жұмыс берушімен келісім-шарт негізінде міндеттемелер алып, жұмыс жасай береді. Алайда, алған міндеттемелерін орындамайынша, жасаған жұмысы үшін жалақы ала алмайды. Мұндай жұмысшылар істеген жұмыстарына қарай жалақы алады [7].

Ислам құқығы бойынша, жұмысшыға оның әлі келмейтін шамадан тыс ауыр жұмыстар жүктелмейді. «Алла тағала ешбір адамды шамасы жетпейтін ісі үшін жауапқа тартпайды» деген аят еңбек құқығы тұрғысынан қағида болып саналады. Мұхаммед пайғамбар осы мәселеге қатысты бір хадисінде: «Жұмысшылар – сендердің шаруаларыңды тындыратын бауырларың. Ендеше, жұмысшыларыңа өздерің жегенді жегізіп, өздерің кигенді кидіріңдер. Оларға шамасы келмейтін жұмысты жүктемеңдер. Егер ауыр жұмыс берсеңдер,

өздерің де көмектесіңдер»[8] деп, жұмысшылардың құқықтары тұрғысынан жалпы Ислами ұстанымның негіздерін белгілегін.

Адамдарды шамасы келетін жұмыстардан ғана жауапты көру, әрбір адамның өзіндік жағдайын, шамасын қаперге алу Ислами түсініктің басты қағидаларына жатады. Осындай түсінік балалар құқығы мәселесінде де айқын байқалады. Ислам еңбек құқығы балаларды жұмысқа жегуге тыйым салған. Балалардың ең бірінші кезекте білім алуы қажет екенін білдіріп, тек осы мақсатта ғана белгілі бір жұмыстарды жасатқызуға рұқсат еткен. Балалар әке-шешелерінің және басқарушылардың рұқсатымен белгілі бір өнерді үйрену мақсатында ғана жұмысқа алынады. Ислам еңбек құқығы бойынша, әке-шешесі өздеріне тиесілі жұмыс орнында жалақы төлеу шартымен өз балаларын жұмыс істеткізе алады. Алайда, балалары өздеріне тиесілі жұмыс орнында өз әке-шешелерін жалақыға жұмыс істеткізуіне тыйым салынған. Өйткені, Ислам діні кәмелетке толған және мүмкіндігі жеткілікті жандарға өз әкешешелерін бағып-қағу міндетін жүктеген [9].

Ислам құқықшылары адамдар жұмыс таппаған жағдайда, мемлекет оларға жұмыс тауып беруге, күнкөрісін қамтамасыз ететіндей еңбек жағдайларын қалыптастыруға міндетті екенін айтқан. Мемлекет бір жақтан қайыршылықтың алдын алып, парақорлыққа, пайызға және құмар ойындарына тыйым салумен айналысса, енді бір жағынан қоғамда еңбексіз баюдың белең алуына жол бермей, адамдардың еңбек етуіне, өнер табуына тиісті жағдайлар қалыптастырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға тиісті деп саналған. Сонымен қатар, аурулардың, қарттардың, панасыздардың және әлеуметтік жадайы өте төмен топтардың күнкөрісін қамтамасыз ету де мемлекеттің міндетіне жатқызылған.

Ислам дінінде атқарылатын түрлі іс пен кәсіп үшін жалпы жалақы мөлшерлері белгіленбейді. Бұл келісім-шарт жасасу барысында тараптар арасында өзара келісіммен белгіленеді. Осылай болмаса еңбек келісім-шарты жарамсыз болып, жұмысшы жұмыс істейтін күндері үшін қосымша жалақы алуға құқылы саналады. Басқаша айтқанда, жалақы жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы келісімге байланысты. Алайда, әуел бастан тараптар арасында келісім жасалмаса, «әжри мисл» яғни, қосымша жалақы беріледі. Мұндай жалақы дәл сондай істер үшін төленетін орташа жалақы стандарты мен ғұрыптарға қарай сол саланың мамандары тарапынан белгіленеді.

Ислам құқығы бойынша жалақының мөлшері белгіленгенде жұмысшының өз басы мен қарауындағы кісілердің күнкөрісін, ішіп-жемін, киім-кешегін және білім алу сынды негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ететін деңгейде болуына баса мән беріледі. Осы аталған шарттардың орындалуына қатысты Мұхаммед пайғамбар: «Қандай да бір кісі жұмысшы ретінде жалданатын болса, егер паналайтын баспанасы жоқ болса, өзіне бір үй алсын, бойдақ болса үйленсін, қызметшіге мұқтаждығы болса қызметші алсын, мініс көлігі жоқ болса, мініс көлігін алсын. Кімде-кім осыларға қанағат етпей бұдан да көп нәрсе қаласа, ол кісі аманатқа қиянат жасайтын немесе ұрлыққа беттейтін кісі болуы мүмкін» [10] деген. Осы хадисте атап көрсетілген жұмысшылардың өмір сүру стандарттары жалақы мөлшерінің қандай болуы қажеттігін көрсетеді. Хадисте айтылған шарттар бойынша, жұмысшы алатын жалақысына ақылға қонымды уақыт ішінде үй алу, бойдақ болса үйлену, мініс көлігі жоқ болса автокөлік сатып алу мүмкіндігі қарастырылуы қажет. Қазіргі уақыттағы бірқатар Ислам құқықшыларының пәтуасына сүйенсек, жалақы мөлшерін белгілеуде жұмысшы жоғарыда аталған шарттар мен механизмдерді еркін қолданатындай қаржылық мүмкіндікке ие болуды талап ете алады. Негізі жұмысшының өндіріске қосатын үлесі мен еңбегі жоғарыда аталған шарттарды түгелдей қамтамасыз етуге жетеді.

Исламдағы жалақы жүйесінің тағы бір ерекшелігі жалақы айырмашылықтарына қатысты ұстаным болып табылады. Адамдардың қарым-қабілеті олардың жасайтын істерінде де көрініс табады. Сондықтан, адамдардың қарым-қабілетіне қарай және еңбек үдерісіндегі тәуекел деңгейіне қарай жалақы төлеу негізге алынған. Алайда, ислами түсінік бойынша, ең төменгі санаттағы жалақы да жұмысшының адам секілді өмір сүруіне жететіндей мөлшерде болуы шарт. Жалақы мөлшерінің көптігі адамдардың өз істеріндегі қабілеті мен тәжірибесіне қарай айқындалады [5].

Жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы қарым-қатынас тұрғысынан басқа кісінің жұмысын белгілі бір ақыға жалданып атқаратын кісі «жұмысшы» деп аталса, қолында қаржысы, жұмыс орны бар, жалақыға жұмысшы жалдайтын және олардың жұмыс істеу тәртібін белгілейтін кісі «жұмыс беруші» деп аталады. Жұмыс беруші жеке тұлға болумен бірге қор, компания немесе мемлекет сынды заңды тұлғалар да бола алады.

Мұсылмандар үшін жұмысшы ұғымының таптық, әлеуметтік астары жоқ. Ислам қоғамдық жүйесінде адамдар өмір бойы жұмысшы немесе жұмыс беруші деңгейінде қала бермейді. Жұмысшы біраз уақыттан кейін еңбек пен қаржының үлескері (мударабә), шаруашылық бірлестіктің қатысушысы (музараа) сынды басқа серіктермен ортақ жұмыс орнын құрып, жұмыс беруші дәрежесіне жете алады [11].

Ислами қағидалар тұрғысынан еңбек пен капитал қарым-қатынасы тұрғысынан капитал еңбекке тәуелді болып саналады. Капиталдағы тәртіп, жүйе, үйлесім, белсенділік, жылдамдық еңбекке байланысты болып саналған.

Ислам капиталға да, еңбекке де айрықша мән беріп, бірқатар қағидалар белгілеген. Еңбекші бойындағы барлық күші мен қабілетін салып, өз жұмысын адал атқаруы қажет. Ал, жұмыс беруші еңбекшілердің құқықтарын қорғап, атқарған істерінің жалақысын толыққанды түрде дәл уақытында төлеуі қажет. Ислам дінінде жұмысшылар жұмыс берушіге немесе керісінше жұмыс беруші жұмысшыларға қиянат жасаса, қарсы тарап дәл солай қиянатпен қарымта қайтаруы дұрыс емес. Құрандағы «Ей, иман келтіргендер! Хақты жақтап, бар күштеріңмен барлық істерінде әділдікті жүзеге асырыңдар және әділдікті ұстанған куәлар болыңдар. Бір қауымға деген іштеріңдегі ыза мен кек сендерді әділетсіздікке ұрындырмасын. Әділ болыңдар, тақуалыққа ең лайықты іс-әрекет осы. Аллаһқа қарсы келуден сақтаныңдар. Өйткені, Аллаһ жасаған барлық істеріңнен хабардар» деген аятта мұмин жұмысшы болсын, жұмыс беруші болсын Аллаһтан қорқуы қажет екеніне назар аударады. Ислам діні мұсылмандарға осындай түсінік пен ұстаным арқылы рухани бағыт көрсетіп, капитал мен еңбек арасында белгілі бір байланыс құрады [12].

Ислам қоғамындағы жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы қарым-қатынас тұрғысынан жұмысшы өз ақысын маңдай тері құрғамай тұрып алады. Жұмысын адал атқарады. Бойындағы бар күш-қуатын салып жұмыс істеп, жұмыс берушінің құқығын бұзатын әрекетке әсте бармайды. Алла елшісінің хадистерінде ең жақсы табыс – берілген жұмысты жан-тәнімен орындап, жұмыс берушіні құрметтей отырып, қол жеткізген табыс болып табылады. Мұсылман жұмысшы жасаған ісін Аллаға, пайғамбарға және барша мұминдерге ұсынатындай етіп сапалы орындайды. Мұндай түсініктегі кісінің жұмыс берушінің құқығына кереғар әрекеттерге баруы мүмкін емес. Жұмыс уақытында уақытын босқа өткізуі, бойындағы бар күшін салмастан немкеттілікпен жұмыс істеуі де мүмкін емес. Өйткені, ол барлық ісі бойынша ақыретте жеке-жеке міндетті түрде сұралатынына сенеді.

Мұсылман жұмыс берушілер қол астындағы жұмыс істейтіндерді өзінің бауырлары ретінде қамқорлық танытуға тиісті. Өзі жеген астан олардың ішіп-жеуін, өзі киген киімнен киінуін қамтамасыз етеді. Оларға шамасынан тыс жұмыс жүктемейді. Жұмысшы бауырларының құқықтарын Аллаһтың құқығы ретінде қарап, олардың аузынан жырып алып жеген әрбір түйір астың өзіне арам екенін жақсы түсінеді. Жұмыс беруші ең алдымен жұмысшының құқықтарының сақталуына мән беріп, олардың жұмыс тәртібін белгілі бір күнтізбеге қоюы қажет. Егер жұмыс беруші қол астындағы жұмысшысына дәл өзінің өмір сүру стандарттарына сай ақы төлей алмаса, онда жұмысшыны өзіндік шарттарымен жұмысына ортақ (серіктес) қылады [13].

Исламда еңбек жағдайының шарттарын жақсарту үшін еңбекшілердің жұмысты жаппай тоқтату арқылы ереуіл жасауы немесе жұмысшыларға қысым көрсету үшін жұмыс берушінің локаут жасауы құпталмайды. Ислам қоғамында осы салада «Хисбә» атты құрылымдар қызмет атқарған. Бұл мекеме қоғамдық татулықты қамтамасыз ету, зәру қажеттілік болып саналатын азық-түлік және басқа да тұтыну өнімдерінің халыққа қол жетімді арзан бағамен жетуін қамтамасыз ету, осы мақсатта саудагерлер мен кәсіпкерлердің іс-әрекетіне бақылау жүргізу, жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы мәселелерді шешу

секілді міндеттерді атқарған. Ислам дінінде жұмыс берушінің озбырлық жасауына, ақша мен дүние-мүліктің соңын қуып, тек қара басының қамын күйттеуіне жол берілмеген. Бүкіл халық ретінде жақсы күнде де, жаман күнде де бірге болу, қиындықты да, қуанышты да бірге көру түсінігі нық орныққан.

Қолданылған әдебиеттер:

2. Mustafa Rafii, İslamda Sosyal Düzen, Çev. Ahsen Batur, Özdemir Basımevi, İst. 1975
3. Armağan, Servet, İslâm Hukuku'nda Tem Hak ve Hürriyetler, Ank.87, sh. 71 vd.
4. Watt. Muhammad at Medina and R. B. Serjeant "The Constitution of Medina." Islamic Quarterly 8 (1964) p.4.
5. Hayreddin Karaman, İslâm'da İşçi-İşveren İlişkileri: Haklar, Anlaşmazlıklar, Çözümler, <http://www.hayrettinkaraman.net/kitap/meseleler/0301.htm>
6. Құран Кәрім «Ағраф» сүресі, 7/85
7. Құран Кәрім «Нәжм» сүресі, 53/39
8. Мүслим, Иман, 38, 40.
9. Covenant on the Rights of the Child in Islam, OIC/9-IGGE/HRI/2004/Rep.Final. <http://www.refworld.org/pdfid/44eaf0e4a.pdf>
10. Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд, 4/299.
11. Abdullah Hatipoğlu, Modern Emek-Sermaye Münasebeti, Yeni Ümit dergisi, <http://www.yeniumit.com.tr/konular/detay/emek---sermaye-munasebeti-ve-islam>
12. Ahmet Tabakoğlu, “İslam İktisadında İşçi-İşveren Münasebetleri”, Çerçeve Dergisi, S. 20, Ekim 1997, s. 74.
13. Servet Armağan, Ana Hatlarıyla İslam Ekonomisi, Timaş Yay., s. 239.

УДК 342.4

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ:
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ОРНЫ**

Хамитов Дархан Муратович

darik09@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, заң факультеті, құқықтану мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекші – Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық құқық кафедрасының аға оқытушысы Хамзина М.Ғ.

Әр ел үшін Конституцияның енгізілуі мен қолданылуы – әрқашан да ерекше және әдеттегіден тыс оқиғаға айналады: ол арқылы қоғам жаңғырмалы мемлекеттіліктің көрінуін және ұлттық идеясын жүзеге асырады. Мемлекеттің негізгі заңы азаматтардың бір-бірімен, мемлекетпен қатынасын, сондай-ақ мемлекеттің өміріне тәртіп пен ұйымдастыруды енгізетін заңнаманың іргетасы болып табылады. Онда саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйенің аса маңызды жақтары, азаматтардың басты құқықтары мен міндеттері, елдің қоғамдық және мемлекеттік құрылымы бекітіледі. Конституция қоғамның маңызды салаларына (экономика, саясат, рухани өмір, әлеуметтік орта) мемлекеттік араласудың шектерін белгілейді. Профессор, з.ғ.д С.К. Амандыкова пайымдауынша, Конституция – мемлекеттің конституциялық құрылымның негізін салатын принциптерін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының жоғары құқықтық кепілдіктерін бекітетін Басты заңы болып есептеледі [1;58 б.].

Тарихқа үнілсек, әр заманда әрбір жекеленген қазақ хандықтарының заңдары болған. Мысалы, «Қасым ханның Қасқа жолы» қазақ қауымының қоғамдық және құқықтық заңын қалыптастырды. Осы «Қасқа жол» бір ғасырға жуық өз қызметін атқарып, толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, «Есім ханның ескі жолы» заңдық жүйесі пайда болған еді. ХҮІІ